



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мәліметтері мен ауыз әдебиетінің материалдарын бір-бірімен байланыстырса, толықтыра, салыстыра отырып қарастырғанда ғана, біз, ұлттық сипаттағы мемлекетіміздің, Қазақ хандығының құрылуы мәселесін терең біле аламыз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) <http://egemen.kz/> «ЕгеменҚазақстан», 2015, 21ақпан.
- 2) А.Үдербаев, О. Нақысбеков Ж. Қоңыратбаева және т.б., Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық.12-том – Алматы, 2011.
- 3) <http://egemen.kz/> «ЕгеменҚазақстан», 2014, 26 тамыз..
- 4) Халид, К. Тауарих хамса: бес тарих / К. Халид; аударған: Б. Төтенаев, А. Жолдасов.- Алматы: Қазақстан, 1992.- 304 б.
- 5) Қазақстантарихыкөнезаманнанбүгінгедейін. Бес томдық. Т. 1. Бас ред. алқа: М.Х. Асылбековжәне т. б.; ҚРғылымминистрілігі - ғылымакадемиясы, Ш.Ш. Уалихановатындағытарихжәне этнология институты. - Алматы: Атамұра, 1998.- 640 бет.
- 6) <http://egemen.kz/> «Егемен Қазақстан», 2015, 01 ақпан.
- 7) Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы, «Санат», 1996. - 656 бет.
- 8) Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы: В 5 т. Алматы, 1985, Т-2, 372 бет.
- 9) Кәрібаев Б.Б. Мұхаммед Хайдар Дулат Қазақ хандығының құрылуы туралы // Материалы Международной научно-теоретический конференции посвященной известному ученому-историку Мухаммед Хайдар Дулати (1499-1551). Тараз 1997.

ОӘЖ 340

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІ (деректерге талдау)

Ерденбекова Ж. С.

Jan.e73@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, оқытушы, Астана қ.

Қазақ халқының шығу тегі мен қазақ халқының мемлекетінің құрылуының ара жігін ашып, халықтың шығу тегінің тарихи ғасырлар тереңінен басталып, адамзаттың шығу тегімен тамырласып жататынын, ал мемлекеттің құрылуы белгілі бір тарихи жағдайға байланысты әкімшілік-территориялық жағынан енші алып, жеке шаңырақ көтерген күнінен басталатынын саралап көрсетіп, нақты түсінік орнату бүгінгі тарихи әдебиеттегі маңызды мәселенің бірі болып отыр. Тарихымызда осындай басын ашып айтатын нақтылай түсетін мәселе жеткілікті. Соның ішінде халқымыз үшін үлкен маңызы бар тұсы ол қазақ халқының қалыптасуы. Ал қазақ хандығының құрылуын білу үшін біз әрине қазақ халқының қалыптасуын зерттеуіміз керек. Қазақ халқының қалыптасуының негізінде Қазақ хандығының құрылуының қай жылы болған оқиға екендігін немесе қандай тарихи оқиғамен байланысты болғандығын тауып дәлелдеу біз үшін басты мақсат.

Бүгінгі тарих ғылымы осы мәселені зерттеуде үлкен тарихи жетістіктерге, жаңа тарихи тұжырымдарға жетіп отыр. Тарихшы ғалымдар аянбай тер төгуде. Қаншама дерек көздері табылды.

Алайда тарихшылардың мақсаты тарихымыз зерттелді деп қол қусырып қарап отыру емес. Тарих ғылымымен айналысатын әрбір жас ғалым үнемі өз ғылыми тақырыбын зерттеп ізденісте болуы тиіс. Тарихи фактілер мен жаңа деректерді ашқан сайын тарих ғылымы алға жылжиды. Оның үстіне қазақ халқы келешек ұрпақ үшін ешқандай бұрмаланбаған таза жазылған тарих қалдырамын десе білімді тарихқа жанашыр ұрпақ тәрбиелеуі тиіс.

Жалпы тарих ғылымын зерттеуде біз әрине тарихи деректер мен тарихи оқиғаларға сүйенеміз. Оларды қайдан аламыз. Әрине тарихи деректерден. Нақты тарихи деректер мен

тарихи зерттеулерсіз біз ештеңе айта алмаймыз. Ал біз зерттеп отырған кезең тарихы туралы ортағасырлық тарихи деректер жеткілікті. Мұның барлығы зерттеліп жатыр, зерттелу үстінде және бүгінге дейін зерттеліп болған десек те болады. Десек те осы деректерді талдауда әр ғалым әртүрлі жағынан қарастырады. Ал тарихи деректер талданған сайын, сараланған сайын тарихты оқу асқан қызығушылық тудырады даусыз.

Міне осындай қазақ хандығының құрылуына әкелген қазақ халқының халық болып қалыптасуы мәселесі ғылымда әлі күнге дау талас тудырып келе жатқан күрделі мәселе. Біз қазақ хандығының құрылуын айтқанда Жәнібек пен Керей ханның Қозыбасына келуін айтамыз да ал оның артынан ерген қалың қазақтың тарихын зерттеуге бара қоймаймыз, немесе осы екі ханымыздың атына сыйғыза саламыз. Бұл қате пікір. Өйткені тарихта осы Ұлы хандарымыздың Қозыбасы жеріне келуі бір күннің оқиғасы емес. Және тұтастай халық атын алу үшін аз адам өздігінен өз өзін «қазақ» атандыра алмайтын еді. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди» еңбегінде: "Сол заманда Әбілқайыр хан қыпшақ даласына түгелдей билігін жүргізіп тұрған еді. Ол Жошы хан ұрпағы сұлтандарға көп жайсыздық туғызып, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған. Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, Шу өзені өңіріндегі "Қозыбасыны" тапсырған еді. Ол аймақ Моғолстанның батыс шеті. Олар бұл аймақта бейбіт өмір кешті. Әбілхайыр қайтыс болған соң, Өзбек ұлысы өзара тартысып, араларында көп келіспеушілік туды. Біразы Керей хан мен Жәнібек ханның маңына жиналған еді. Саны екі жүз мыңға жетеді. Олар *өзбек-қазақ* деп аталды»[1] - дейді. Яғни, 1465—1466 жылдар Қазақ хандығының құрылған мезгілі.

Ал оның ту көтерген жері Жетісудың батыс бөлігі, үйсін, дулат, қаңлы тайпаларының дәстүрлі атамекені. Қазақ даласында тарихта болып өткен алғашқы сақ, ғұн, қаңлы, үйсін, түрік, түргеш, қарлұқ, оғыз, кимек, қыпшақ, тоғыз-оғыз /қарахандар/, Алтын Орда, Ақ Орда, Дешті Қыпшақ, Моғолстан сияқты мемлекеттердің құрамында өмір сүрген үйсін, дулат, керей, найман, қыпшақ, жалайыр, оғыз, яғма, тұқси, шігіл, тоғыз-оғыз, түргеш, он оқ бодын сияқты тайпалар бірлестіктері Қазақ хандығының қалыптасуы үшін негізгі рөл атқарды. Және де осы тайпалар дамып бір-бірімен араласа келе болашақ қазақ хандығының құрылуына негіз болды, сол сияқты қазіргі қазақ халқының өте көнеден келе жатқан халық екендігін дәлелдейді.

XIV-XV ғасырдың алғашқы жартысында біздің халқымыз өзінің бұрын соңғы тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірін бастан өткерді. Ол бүкіл әлемдік шеруде айрықша орын алып отырған Еуразиядағы Ұлы мемлекет Алтын Орданың ыдырауы. Сөйтіп Алтын Орданың шығыс бөлігін құраған құдыретті Көк Орданың өзі қақ жарылып, қазіргі Қазақстан жеріндегі Қазақ Хандығы деп аталатын жаңа қуатты мемлекет бөлініп шықты. Қазақ хандығы құрылғаннан соң да бұл үрдіс жалғасып жатты. Ол саяси этникалық өмірде айқын байқалады. Ал біз XIV ғасырдың басындағы саяси оқиғаларды қарастыра отырып, Қазақ хандығының құрылуына әкелген оқиғалардан қазақ хандығының күшейуін байқаймыз. Яғни осы кездегі көршілес Мауреннахрмен, Дешті Қыпшақтың көршілес тайпаларымен, Моғолстанмен саяси тартыстар жүргізу барысында Сыр бойы қалаларын өзінің қол астына қарату және этникалық территориялық жақтан қазақ тайпаларын біріктіру байқалады. Осы оқиғалардың барлығы да біз айтып отырған тарихи беректерде толықтай айтылады.

Бұл саяси күрес және тайпалардың бірігуі тек XV ғасырда болған жоқ. Бұл XI-XII ғасырдан бастау алады. Жалпы қазақ халқының халық болып қалыптасуы және қазақ хандығының құрылуы өмірге келуі және жаңа құрылған мемлекеттің нығаюы, оның қазақ хандығы атымен аталуы туралы мәселені ашу үшін осы мәселе туралы қандай ғылыми маңызы бар деректер бізге жетті. Соларға тоқталайық.

Қазақ хандығының ерте орта, орта ғасырлардағы феодалдық мемлекеттер кезіндегі өмірі жайлы мәлімет беретін бізге келіп жеткен қандай деректерді білеміз. Осы мемлекеттер құрамында өмір сүрген тайпалар туралы, әсіресе қытай деректерінен, араб – парсы деректерінен қандай мәліметтер кездестіреміз. Мәселен: ерте түрік мемлекеті жайлы әрине Орхон-Енисей аңғарынан табылған Құлтегін, Білгеқаған, Тоныкок сияқты тарихи ескерткіштер мәлімет береді. Олардың сырын ашқан Ядринцев, Томсон, Радловтар болды.

Араб-парсы деректері не дейді. Оғыз елі туралы ең көне дерек беретін Әл-Якуби. Ол IX ғасырда өмір сүрген. Ол оғыздардың – қарлұқтармен, тоғызғыздармен, қимақтармен жүргізген соғыстарын хатқа түсірген. Ал X ғасырда өмір сүрген Ибн әл-Фаних оғыздар жайлы айта келіп олардың - қимақтар мен тоғызғыздармен, бірге «патшалар» (Малик) болып табылатынын және түріктер арасында өзгелерден гөрі көбірек құрметтелетінін хабарлайды. X ғасырдың саяхатшысы Әбу Дулаф кимектер туралы жаза отырып оларда қамыс өсетінін, олар сонымен жазу жазатынын айтады. X ғасырдың тағы бір көрнекті тұлғасы сол кезде өмір сүрген араб жағрафияшысы Ибн Хаукал қарлұқтар жерінің батысынан шығысына дейін жету үшін 30 күн жүру керек дейді. XII ғасырда өмір сүрген араб жағрафияшысы Әл-Марвази қарлұқтардың құрамында тоғыз тайпа болған дейді.

Ал Түрік халықтарының ең атақты жұлдыздары десек те болады XI ғасырда өмір сүрген М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрік» атты шығармасы этностар тарихына қатысы бар құнды еңбек болып табылады. Сондай-ақ, Жүсіп Баласағұнидің да осы ғасырға жататын «Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекетінің ішкі саяси өмірінен хабар береді. Әл-Фараби, Бируни, Әбілғазы Бахадүр сияқты көптеген орта ғасырлық ғұлама еңбек жазған адамдарды мақтанышпен айта аламыз. XIII ғасырдағы Моңғолдар заманынан Моңғолдың құпия шежіресі дерек береді. Онда күлилер 500 мыңдай, ал наймандар 100 мыңдай адам болған деген дерек бар. (Қазақ халқының бүгінгі тәуелсіздік тұсындағы халық санының ең көп бөлігін құрап отырған да осы наймандар болып отыр.) Тибет энциклопедиясында қазақ халқы туралы не айтылатыны жөнінде әділ жарытымды дерек беріп жатқан жоқ. Иран тарихы мен Византия деректері әлі толық бағасын алған жоқ. Бұлардың бәрі әлі зерттелетін, зерттелуді қажет ететін тақырыптар.

Жалпы ортағасырлық тарихи деректану мәселесінде деректерді бірнеше топқа бөліп қарастырамыз. Мысалы: аштархандық, шайбанилық, темірлік т. б. Осылардың ішінде ерекше атайтынымыз қазақ хандығының құрылуы туралы тікелей дерек беретін ол Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегі[2], Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал асрар фи манакиб ал ахир»[3], Масуд ибн Осман Кухистанидің «Тарихи Абулхаир-хани»[4], Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама»[5], Қадырғали Қосымұлы Жалайыридің «Жалнамалар жинағы» [6] сияқты еңбектерде айтылып жазылды.

«Тарихи Рашидидің» бір бөлігін орыс тіліне аударып, оған кіріспе сөз жазған К. Л. Пищулина «Тарихи Рашидидің» жазылуына ең бірінші моғол тайпалары арасындағы айтылып жүрген аңыз-әңгімелер негіз болды» [7] - деп жазады. Онда XIV-XVI ғасырлардағы Қазақстанның оңтүстік шығысында, Шығыс Түркістанда және Қырғызстанда қалыптасқан Моғолстан мемлекетінің тарихын баяндау үшін жазылған.

Тағы бір келесі еңбек Махмуд ибн Уәлидің «Бахр әл асрар фи Манакиб ал – ахир» [8] еңбегі. Бұл еңбек Махмуд ибн Уәлидің атағын шығарған еңбек. Автор туындысын жазу үшін бізге дейін жеткен жиырмадан астам ортағасырлық деректік шығармалардың мәліметтерін қолданған. Бұл еңбек XV ғасырдың ортасында 1641 жылы жазылған. Онда жаңадан құрылған қазақ хандығының территориясы, руларының аттары айтылады. Ондағы айтылған рулардың аттары, бүгінгі қазақ халқының құрамындағы ру атаулары.

Тағы бір құнды дерек «Захир ад дин Мухаммед Бабырдың Бабырнамасы [5]. Бабыр Темірдің ұрпағы, Ферғананың билеушісі Омар Шейхтің үлкен ұлы. Ол Темір ұрпақтарының Темір құрған мемлекеттің жерін бөлісе алмай өзара қырқысып, жауығып жатқан 1483 жылы ақпанның 14 күні дүниеге келген. 12 жасында Ферғананың билеушісі атанады. Бабырдың еңбегінің тарихи маңызы, 1483-1504 жылдардағы оқиғалар атымен, жылымен белгіленіп, көзімен көрген оқиғалар ретімен баяндалады. Оның еңбегі үш бөлімнен тұрады: 1-бөлімде, XV ғасырдың аяғындағы Мәуреннахрдағы саяси оқиғалар, сондағы қалалар, қамалдар, өзінің шыққан тегі, нағашы атасы Моғолстанның билеушісі Жүніс хан туралы баяндайды; 2-бөлімде, Ауған жеріндегі оқиға; 3- бөлімде, Солтүстік Үндістан аймағы сипатталады. Осы еңбекте Қасым хан мен Мәуреннахр билеушілері арасындағы саяси қарым-қатынастар жақсы баяндалған. Өте құнды еңбек. Ортағасырлық қазақ тарихында үлкен орын алады. Ортағасырлық тарихи деректің тағы бірі– Масуд ибн Осман Кухистанидің «Тарихи

Абулхаирхани» шығармасы. Онда да осы кезеңдегі Дешті Қыпшақ, Мәуреннахр, Моғолстан және Ноғай ордасындағы саяси оқиғалар жан-жақты баяндалады. Оқиғалар барысын айтумен қатар мұндағы құнды дерек Әбілхайырды 1428 жылы хан сайлағанда 170 ру өкілдерінің атын атайды және Әбілхайырдың үкіметінің ішкі-сыртқы саясаты туралы бірден бір дерек береді. Бұлардың барлығы да дерлік орта ғасырда өмір сүрген қазақ халқының құрамына енген руларымыздың тарихынан сыр шертері айқын.

Орыс тарихшылары мен ғалымдарының арасында қазақ халқының этногенез мәселесі аз зерттелген жоқ. Олар туралы жазу жеке тақырыққа саяды. Бірақ сонда да Л. Н. Гумилевті айтпай кетуге болмайды. «Көне Түріктерінде»[9] ежелгі түріктердің қуатты мемлекеті – Түрік қағанатының туу, даму және құлау жолын зерттеп, тарихи проблемалардың кең көлемді мәселелеріне, түріктердің саяси өміріне, тұрмысы мен дініне, мәдениетіне және Орта Азиялық көшпенділердің екі дәуірі - ежелгі заман, орта ғасыр заманы тоғысар кезіндегі географиялық қоныс өзгерістеріне көп көңіл бөлген. Кітап үш бөлімнен тұрады. Л. Н. Гумилевтің біздің қазақ тарихы үшін ұлылығы, ғылыми құндылығы көне түріктердің қазақ халқының этногенезінде басты рөл атқарғанын қадап айтып кетті.

Біз осы жоғарыда айтылған деректердің құндылығын түсініп зерттеу үстіне зерттей түсуіміз керек. Тарихымыздың Ұлы кезеңі, яғни қазақ халқының халық болып қалыптасып, дербес Қазақ хандығын құруда сол заманда өмір сүрген халықтардың зор үлесі болғанын айтып дәлелдей алсақ ол тарихымызға қосқан үлесіміз деп айтар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұхаммед Хайдар Мырза Дулати. Тарихи Рашиди. Мына кітап: Материалы по истории казахских Ханств ХУ-ХУІІІ в.в., Алма-ата, 1969. 185-231 беттер.
2. Осында.
3. Махмуд ибн Уали. Бахр әл асрар. М.И.К.Х., Алма-ата, 1969. 120-368 беттер.
4. Масуд ибн Осман Кухистани. Тарихи Абулхаирхани. М.И.К.Х., Алма-ата, 1969. 135-171 беттер.
5. Захир ад дин Мухаммед Бабыр. Бабырнама. Алматы, 1980.
6. Сыздықова Р., М. Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, 1992.
7. Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине ХУ- начало ХУІ веков. Алма-ата, 1977.
8. Махмуд ибн Уәли. Бахр ал-асрар. М.И.К.Х., Алма-ата, 1969. 320-368 беттер.
9. Гумилев Л. Н. Көне түріктер. А., 1994. 4б.

ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫН ҚУДАЛАУ САЯСАТЫ

Бейбіт Айсұлу

ais_11.91@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Тарих факультеті, 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., профессор Садвокасова З.Т.

1905-1907 жылдардағы Патшалық Ресейде болған революциялық қозғалыс барысында барлық деңгейдегі орыс әкімшілігі қазақ елінің ұлт-азаттық қозғалысын бастаушы саяси күш – ұлттық интеллигенциямен бетпе-бет келді. Сондықтан осы мезгілден бастап әкімшілік орындары ұлттық интеллигенцияның белсенді өкілдерін қудалау саясатын қолға алды. Бұл саясаттың басында империяның Ішкі істер министрлігі тұрды, ал жергілікті жерлерде оның нақты жүргізушілері губерниялық және уездік әкімшілік орындары болды. Бірінші орыс революциясы қазақ даласын оятып қана қоймай, халықтың санасын күнделікті көшпелі өмір тіршілігінен саясатқа бұрды. В.Н. Ленин былай деп қорытынды жазады: «Дүниежүзілік